

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ. И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3 деңгейдегі СМЖ құжаты	2016 жылғы «08» шілде №2 басылым	E 029-04.14.2.70.06-2016

**Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университетіндегі білім алушылардың
ғылыми-зерттеу жұмысы туралы**

Е Р Е Ж Е

E 029.04.14-2.70.06 -2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

«24» 06 2016 ж.



Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

«4» 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

«1» 07 2016 ж.



К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

«30» 06 2016 ж.



Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын

бағалау басқармасының бастығы

«29» 06 2016 ж.



А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

«28» 06 2016 ж.



Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі



3 Ректордың 2016 жылғы «08» 07 №254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Негізгі ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 БАҒЗЖ мақсаттары мен міндеттері	5
4 БАҒЗЖ ұйымдастыру принциптері мен үлгілері	6
5 БАҒЗЖ ұйымдастыру құрылымы	8
Өзгерістерді енгізу парағы	9

1 Жалпы ережелер

1.1 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары (БАҒЗЖ) туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің (бұдан әрі Университет) негізгі міндеттерін, принциптері мен үлгілерін ұйымдастыруды анықтайды.

1.2 БАҒЗЖ Университетте кәсіптік, техникалық және әлеуметтік міндеттерді шығармашылық шешетін алғыр білікті мамандар дайындаудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады.

1.3 БАҒЗЖ ғылыми эксперименттің техникасы мен әдістерін бірізді меңгерілуі мен қолданылуын, курс және білім беру деңгейлері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстың бірізділігін, ғылыми шығармашылық әдістері мен түрлерінің логикалық қиындатуын талап етеді. БАҒЗЖ барлық кезеңінде оқу үдерісті және құрылымды деңгейде жүргізіледі (кафедралық, институттық, университеттік).

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 БАҒЗЖ ұйымдастыру кезінде Университет:

2.1.1 келесі Қазақстан Республикасының және құқықтық құжаттардың талаптары сақталған:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-ІV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазанындағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтер нәтижесін коммерциялау туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-ІV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы №603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 Министрдің бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Стратегиялық жоспары;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы,

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2016 жылдың 6-шы маусымындағы №315 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізумен;

– Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Даму Стратегиясы-2020, Университеттің Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 қаңтардағы № 7 хаттамасымен бекітілді;

– Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтарымен, өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ стандарттары;

– ҚР СТ 1157-2002 " Жоғары кәсіптік білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі ";

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі.

3 БАҒЗЖ мақсаттары мен міндеттері

3.1 БАҒЗЖ негізгі мақсаты білім алушылармен оқу жоспары бойынша оқыту процесінде, оқудан тыс уақытта ғылыми, зерттеу, конструкторлық және басқа да жұмыс және олардың оқу мен келешек қызметте шығармашылық қабілетін дамытуды енгізумен кәсіби жоғары білімді мамандарды дайындау деңгейін жоғары көтеру.

3.2 БАҒЗЖ негізгі міндеттері:

- білім алушыларды шығармашылық еңбекке дайындау мен оқытудың бірігуін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың өздерінің инновациялық жобалары және ҒЗТҚЖ, ҒЗЖ орындалуымен алынған білім беру бағдарламасы және оқу үдерісін ғылым және техниканың соңғы табыстарымен қамту;

- әртүрлі ҒЗТҚЖ, ҒЗЖ және инновациялық жобаларға ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, білім алушылардың бірігіп байыту;

- білім алушылармен қолданбалы, әдістемелік ізденістер және іргелі ғылыми жұмыстар өткізуге университеттік білімімен кәсіби мамандар мен ғылыми кадрлар дайындау құрамдас бөлігі болып табылады;

- ғылыми мектептерді дамыту мен қолдау үшін жағдай жасау.

- Білім алушылардың жеке шығармашылық мүмкіндігін ашу және тәрбиелеу үшін:

- білім алушылар арасында таланттары мен қабілеттерін анықтау, ашу және дамыту үшін жағдайлар қамтамасыз ету;

- білім алушылардың ғылыми ұжымдарда жаңа жұмыстарды ендіру, ұйымдастыру қызметтеріне жақындатуға көмек беру;
- білім алушылардың өз бетінше ойлау мен қорыта білу қабілеттерін дамыту;
- білім алушылардың бос уақытын тиімді пайдалану;
- жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартын сақтаған жағдайда оқу үдерісін интенсификациялау және оқуды жекелеп өткізу
- БАҒЗЖ-ға білім алушылардың қатысуын бұқаралық және нәтижелілігін көтеру:
 - оқу жоспарынан тыс орындалған БАҒЗЖ түрлеріне студенттердің қатысуын ұлғайту;
 - жаппай ұйымдастыру соның ішінде БАҒЗЖ жарысу іс-шараларының нәтижелілігін арттыру;
 - республика және шетелдегі басқа жоғары оқу орындары білім алушыларымен ғылыми және шығармашылық ынтымақтастықты ұлғайту;
 - БАҒЗЖ ұйымдастыру мен жетекшілікке университеттегі профессорлық-оқытушылар құрамын тарту.
 - Болашақ мамандармен ғылыми кадрларды тәрбиелеу, қалыптастыру және дамыту келесі қасиеттерден көрсетіледі:
 - мекемелерде және кәсіпорындарда кез келген құқықтық-ұйымдастыру түрлерін ғылыми-дәлелді кәсіптік жұмыстарды жүргізе білу;
 - практикалық қызметте ғылыми білімді пайдалану қабілеті және өзінің мамандығына талаптар мен жағдайлар өзгергенде тез бейімделу;
 - өмірде жеке қабілеті, білімі, дағдылары мен талпыныстарына сәйкес анықтай білу;
 - үнемі өз бетінше білім алу және өз бетінше жетілдіру, біліктілік пен қайта даярлықты көтеруге қабілеттілік және дайындық.
 - Алғыр және дарынды жас студенттің одан әрі магистратурада және PhD докторантурасында оқуы үшін ең тиімді кәсіптік іріктеумен қамсыздандыру, ғылыми және педагогикалық кадрларды толықтандыру.
 - Техникалық жоғары білімді жас мамандарды қажет ететін ұжымның ғылыми және практикалық жұмысына қатысуға білім алушыларды ынталандыру жолымен университеттің түлектерін жұмысқа орналастыруға ықпал етеді.

4 БАҒЗЖ ұйымдастыру принциптері мен үлгілері

4.1 БАҒЗЖ жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптері оның кешенділігін қамсыздандыруы болып табылады. БАҒЗЖ кешенділігін қамсыздандыруы ғылыми-зерттеу жұмысын деген дайындықты және ғылыми-техникалық нәтиженің табысқа жеткенін көрсетеді: зерттеу бағытының даму деңгейі және үрдісін анықтау, зерттеу жүргізілген ғылыми жаңалықтар мен өзектілікті анықтау мақсатында ғылыми зерттеулердің орындалу техникасы мен әдісін игеру мен пайдалану, алынған нәтижелерге жүргізілген эксперимент өткізу. Бұл ретте кезең бойынша әдістер, ғылыми жұмыстарының түрлері мен

формалары және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру деңгейіне (курспен) сәйкес күрделендіріледі.

4.2 Ғылыми жұмыстарды оқу жоспарымен, сонымен қатар университеттегі студенттік ғылыми ұйымдарда, кафедраларда, конструкторлық, технологиялық, ғылыми-зерттеу жобаларымен қарастырылған оқу жоспарынан тыс жұмыс уақытында курстық, дипломдық жобалар, оқу-зерттеу жұмыстары (ОЗЖ), басқа да ҒЗЖ жұмыстарымен байланысты білім алушылар орындайды.

4.3 БАҒЗЖ білім алушылардың барлық деңгейінде (бакалавриат, магистратура, докторантура) және құрылымдық деңгейлерінде (кафедралық, институтта, университетте) жүргізеді.

4.4 БАҒЗЖ әртүрлі ұйымдастыру түрлерінде жүзеге асырылып алардың арасынан көруге болады:

- оқу жоспарымен бөлек жолмен қарастырылған оқу-зерттеу жұмысы (ОЗЖ), мысалы курстық ғылыми зерттеу жұмысы (КҒЗЖ);

- оқу жоспарымен және бағдарламасымен қарастырылған жұмыстар, оқу сабағында ҒЗЖ элементтерін ендіру;

- дипломдық жобалар және ғылыми-зерттеу жұмыстары, соның ішінде ұжымдық кешендік жұмыстар;

- оқу жоспарынан тыс орындалған білім алушылардың өздік ғылыми-зерттеу жұмыстары, соның ішінде, мысалы, студент бір оқытушының жетекшілігімен оның тематикасына осы университетте оқыған уақытында мамандандырылады;

- төменгі курс студенттерінен құралған кафедрадағы білім алушылардың ғылыми ұйымдары. Оның негізгі міндеттері - кейін оқытушының жетекшілігімен жұмыс істеу үшін білім алушылардың ғылыми көзқарасын дамытуға және анықтауға жағдай жасау;

- ғылыми тематикасы білім алушылар ұжымдарының жұмысын қамсыздандыратын білім алушылардың ғылыми зерттеу топтары.

- білім алушылар ғылыми зерттеу, техникалық, экономикалық бірлестіктер (ұйымдар, бизнес-инкубатор);

- мемлекеттік бюджеттік және келісімдік ҒЗЖ орындауға білім алушыларды (университеттегі тақырып жоспары, әртүрлі ұйымдастыру-құқықтық кәсіпорындар мен ұйымдарымен келісім шарты, ғылыми бағдарламалар, инновациялық жұмыстар, гранттар, ғылыми экспедицияға қатысу бойынша) үйлестіру;

4.5 БАҒЗЖ негізгі формаларын дамыту барлық деңгейде жүргізілген ұйымдастыру іс-шаралары арқылы жүзеге асады, олар:

- ғылыми семинарлар мен конференциялар;

- ғылыми жұмыстар конкурсы;

- мамандықтар бойынша олимпиадалар;

- курстық, дипломдық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына конкурстар.

4.6 Оқу жоспарына ендірілген БАҒЗЖ негізгі түрлерінің құрамы төмендегі түрлерімен толықтырылады:

- сабақ өткізу және дәріс оқу, ғылыми зерттеулерді, ұйымдастыру мен әдістеме бойынша өздік жұмыстарды ғылыми ұйымдастыру және оқыған мамандық бейініне тәжірибе өткізу, қолданыстағы стандарт сай талаптарына сәйкес ғылыми есептерді рәсімдеу және басылымға шығару ;

- білім алушылардың ғылыми-техникалық ақпаратты өңдеу және іздеу әдістерін меңгеру (көшіру,талдау, таңдау, аңдату, рецензиялау) және оның классификация жүйесі.

5 БАҒЗЖ ұйымдастыру құрылымы

5.1 Университеттегі БАҒЗЖ жұмысына білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми тақырыптар, ғылыми жұмыстарының жетекшісіне, кафедралар мен институтта өтетін ұйымдастыру іс-шараларын өткізуге дайындауға жетекшілік ететін басшы жауапты.

БАҒЗЖ кешендік жүйесіне әдістемелік жетекшілік және мемлекеттік білім беру стандарты мен білім беру бағдарламаларымен сәйкес оның жұмысын ұйымдастыруды мамандықтар, оқу курстары бекітілген жұмыс бағдарламасына сәйкес жетекші кафедралар жүргізеді.

5.2 Университеттегі БАҒЗЖ жұмысына ғылыми жұмысқа жетекші проректор жауапты. Ол Университеттегі БАҒЗЖ жұмысының дамуын, ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.

5.3 Ғылыми жұмысқа жетекші проректор оқу жоспарына енгізілген БАҒЗЖ жұмысының формасы мен түрінде институт директорлары мен кафедра меңгерушілерінің жұмысына жетекшілік жасайды.

5.4 Оқу жоспарына ендірілген БАҒЗЖ жұмысының формасы мен түрлерін студенттердің орындауын, институт директорлары мен кафедра меңгерушілері, оқытушылар қамтамасыз етеді.

5.5 Ғылым департаменті білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен жұмыстарын, соның ішінде бюджет қоры және бюджеттен тыс қор есебінен қаржыландырылған жұмыстарын үйлестіреді.

5.6 Мамандықтар бойынша конкурстардың ұйымдастыру комитеті өзінің жұмысын проректордың жетекшілігімен жүргізеді.

5.7 БАҒЗЖ ғылыми және әдістемелік жетекшілік ету кафедраларға жүктеледі. Бірінші курстан білім алушыларды оқытушылар ҒЗЖ орындауға дайындайды. Олар оқу жоспарына енген ҒЗЖ орындалуы бойынша білім студенттердің жұмысына жетекшілік етеді. Үшінші курстан кейін студенттер кафедрада жасалған тақырып бойынша өздік ғылыми зерттеулер жүргізеді. Кафедра оқытушылары барлық түрлер, бөлімдер бойынша білім алушылардың ҒЗЖ ғылыми-әдістемелік жетекшілік жүргізеді.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы